

Жәнібек ауданының Жәнібек ауылдық округі аумағында жергілікті ауқымдағы табиғи сипаттағы төтенше жағдайды жариялау туралы

Күшін жойған

Батыс Қазақстан облысы Жәнібек ауданы әкімінің 2022 жылғы 23 тамыздағы № 5 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 27 тамызда № 29306 болып тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Жәнібек ауданы әкімінің 2023 жылғы 8 ақпандағы № 2 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Жәнібек ауданы әкімінің 08.02.2023 № 2 шешімімен (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", Заңының 33-бабы 1-тармағының 13) тармақшасына "Азаматтық қорғау туралы" Заңының 48-бабына және 50-бабы 2-тармағының 2) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 2 шілдедегі "Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың сыныптамасын белгілеу туралы" № 756 қаулысына сәйкес, **ШЕШТІМ:**

1. Жәнібек ауданы Жәнібек ауылдық округінің аумағында жергілікті ауқымдағы табиғи сипаттағы төтенше жағдай жариялансын.
2. Табиғи сипаттағы төтенше жағдайларды жою басшысы болып Жәнібек ауданы әкімінің орынбасары тағайындалсын.
3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Жәнібек ауданының әкімі

А. Сафималиев